

**«Биологиялық қатты отын өндіру зауыты құрылысының қоршаған ортаға әсерін
алдын-ала бағалау» жобасы бойынша өткізілген қоғамдық тыңдаудың
ХАТТАМАСЫ**

Құрманғазы ауданы,
Ганюшкин селосы

2012 жылдың 22 маусымы, сағат 15:00

Қоғамдық тыңдауға Құрманғазы ауданы халқының өкілдері, облыстық және аудандық бақылаушы органдардың және атқарушы биліктің өкілдері қатысты.

Тіркелгендер: 17 адам.

Тыңдаулардың төрағасы: Құрманғазы ауданының әкімінің орынбасары Садыхов Қуандық

Хатшы: «Терра» қашықтан зондылау және ГАЖ орталығы» ЖШС Экология және қоршаған ортаға әсерді бағалау бөлімінің бастығы Шмелева Татьяна Евгеньевна.

Күн тәртібі:

1. Атырау өңіріне Құрманғазы ауданында түйірікшіктелген биоотын зауыттын салу құрылысы.
2. Биологиялық қатты отын өндіру зауыты құрылысының қоршаған ортаға әсерін алдын-ала бағалау.

Қоғамдық тыңдауды Құрманғазы ауданының әкімінің орынбасары Садыхов Қуандық ашты.

Қоғамдық тыңдаудың төрағасы қоғамдық тыңдаудың хатшысы ретінде «Терра» қашықтан зондылау және ГАЖ орталығы» ЖШС Экология және қоршаған ортаға әсерді бағалау бөлімінің бастығы Шмелева Татьяна Евгеньевнаны сайлауды ұсынды. Қатысушылар бірауыздан дауыс берді. Одан соң қоғамдық тыңдаудың келесі регламенті ұсынылды:

- баяндамашыға – 10-15 минут;
- шығып сөйлеушілерге – 3-5 минут.
- сұрақтарға жауап беруге – 10 мин.

Регламент бірауыздан бекітілді.

Күн тәртібіне сәйкес келесі баяндамалар жасалды:

1. Атырау өңіріне Құрманғазы ауданында түйірікшіктелген биоотын зауыттын салу құрылысы.

Баяндамашы – «Ақ Қамыс» ЖШС бас директоры Темірәлі Аян Тұрланұлы.

Баяндамашы отын түйіршіктерін өндіру зауытының құрылысы жобасы құрылатын кәсіпорынның сипаты бойынша да, Қазақстан Республикасының өңдеу өнеркәсібінде және энергетика саласында жаңа технологияларды қолдану бойынша да инновациялық жоба екендігін атап өтті.

М.М.М.

Жобаның мақсаты Каспий теңізінің солтүстік-батыс жағалауында өсетін қамыс шикізатының негізінде жобалық қуаты жылына 120 мың тонна болатын биологиялық қатты отын өндірісін құру. Зауыт салынатын ауданды таңдауға өңделетін шикізаттың жеткілікті мөлшерінің болуы негіз болды. Отын түйіршіктерін өндіру үшін шикізат ретінде Құрманғазы ауданының теңіз жағалауындағы аумақтарында қамысты орып дайындау жоспарланған. Шикізат дайындалатын аумақтың жалпы ауданы 35 мың гектарға жуық.

Баяндамада кәсіпорын туралы жалпы мәліметтер қысқаша мазмұндалды. Зауытты орналастыру жоспарланған аумақ әкімшілік жағынан Атырау облысының Құрманғазы ауданына жатады және Ганюшкино кентінен 8,5 км жерде, Жұмекен селосының маңында («Қаражар» учаскесі) орналасқан. Отын түйіршіктерін өндіру технологиясында қандай да бір химиялық немесе биологиялық белсенді бекіткіш заттар пайдаланылмайды. Алынатын өнім экологиялық тазалығымен және өндірістік қалдықтардың мүлдем болмайтындығымен ерекшеленеді.

Сұрақтар мен жауаптар.

Сұрақ: Садыхов Қ. – «Ақ Қамыс» қайда тіркелген?

Жауап: Темірәлі А. – 2009 ж. «Ақ Қамыс» ЖШСі Атырау обласы, Құрманғазы ауданында тіркелген.

Сұрақ: Лялин Ю.В. – Қамыс өсетін жерлерге келісім берілді ме?

Жауап: Темірәлі А. – Иә, берілді.

Сұрақ: Садыхов Қ. – Қамысты қай периодта жинайсындар? Қай техникамен падаланасындар?

Жауап: Темірәлі А. – Қамысты қараша айнан бастап ақпан айна дейін жинауға болады. Комбайндармен пайдаланамыз.

Сұрақ: Садыхов Қ. – Түйіршіктер қайда жасалды?

Жауап: Темірәлі А. – Ресейдің Псков қаласында жасалды.

2. Биологиялық қатты отын өндіру зауыты құрылысының қоршаған ортаға әсерін алдын-ала бағалау.

Баяндамашы – «Терра» қашықтан зондылау және ГАЖ орталығы» ЖШС өкілі Сквирская Наталья Николаевна.

Баяндамада жобаның Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне және Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау Министрлігінің «Жоспаралды, жоспарлық, жобаалды және жобалық құжаттаманы дайындау кезінде жоспарланған шаруашылық және өзге қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалау жүргізу бойынша нұсқауына» сәйкес дайындалғаны атап өтілді.

Баяндамада зауытты салу және пайдалану кезеңдерінде қоршаған ортаның құрамдас бөліктеріне әсердің негізгі түрлері туралы ақпарат берілген. Жұмыстың қалыпты тәртіптемесінде отын түйіршіктерін өндіру зауытын салу және пайдалану бойынша жоспарланған қызмет табиғи ортаға жалпы айтарлықтай теріс әсер етпейді, сондықтан экологиялық тұрғыдан зиянсыз.

Құрылыс технологиясын сақтау, қоршаған ортаға теріс әсерлерді төмендетуге бағытталған шараларды орындау қоршаған ортаның барлық құрамдас бөліктеріне әсердің барынша аз жасалуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жоспарланған жұмыстар Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасына қатаң сәйкес орындалатын болады. Жоспарланған қызметті жүзеге асыру барысында қоршаған ортаның құрамдас бөліктері толық қалпына келу қабілетін сақтайтын болады.

М.М.М.

Сұрақтар мен жауаптар. Сұрақ жоқ.

Тыңдаудың төрағасы Қ.Садыхов алдымен Н.Сквирскаяға қазақ тілінде баяндама жасағаны үшін үлкен рахмет айтты.

Қоғам өкілдері:

Қоғамдық тыңдау қатысушылары өз ойларын ортаға ұсынды. Зауатты салу құрылымы: жолы, газы, суы және свет. Жол зауаттан трассаға шықанда қара жолдар жасалынады.

Қоғамдық тыңдауды қортындылау және жабу.

Қоғамдық тыңдаудың нәтижелері бойынша келесі қарар қабылдау ұсынылды:

«Биомассадан отын түйіршіктерін өндіру зауытын салу жобасын жүзеге асыру Қазақстан Республикасында энергияның қайта жаңартатын көздерін пайдаланып энергетиканың баламалы бағыттарының дамуына, ауданның және өңірдің әлеуметтік-экономикалық өркендеуіне ықпал ететін болады. Жобада қоршаған ортаға әсері барынша аз және қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғаудың халықаралық талаптарына сай келетін ең жаңа технологиялар мен қондырғыларды қолдану қарастырылған. Жоспарланған жұмыстарды штаттық тәртіптемеде орындау қоршаған ортаның құрамдас бөліктеріне айтарлықтай әсер етпейді. Құрманғазы ауданы қоғамының өкілдері жоғарыда баяндалған мәліметтерді ескере отырып ұсынылған жобаны қолдауды ұсынады».

Қоғамдық тыңдаудың төрағасы барлық ескертулерді, ұсыныстарды және толықтыруларды ескере отырып, қарардың жалпы жобасын қабылдауды ұсынды. Қоғам өкілдері қарарды бірауыздан қолдады.

Қоғамдық тыңдаудың төрағасы қоғамдық тыңдауға қатысқан және жобаны қолдап сөз сөйлеген, ескертулер мен ұсыныстар жасаған азаматтардың барлығына алғыс айтты.

Қоғамдық тыңдаудың төрағасы

Садыхов Қ.

Қоғамдық тыңдаудың хатшысы

Шмелева Т.Е.



МЕРОПРИЯТИЯ ПО СНИЖЕНИЮ НЕГАТИВНОГО ВОЗДЕЙСТВИЯ

С целью обеспечения рационального использования и охраны компонентов окружающей среды необходимо предусмотреть проведение следующих мероприятий:


- рациональное использование земель, ведение работ в пределах отведенной территории;
- регламентацию передвижения транспорта;
- использование современной и надежной системы сбора сточных, дождевых и талых вод;
- исключение несанкционированных проездов вне дорожной сети;
- применение экологически безопасных материалов;
- не допускать возгораний растительности, при обнаружении очагов пожаров принимать меры по их тушению;
- при проведении заготовки сырья необходимо обеспечить контроль за соблюдением правил эксплуатации техники, не допускать стоянку, заправку топливом, мойку и ремонт автомобилей, тракторов и других машин в пределах водоохранных зон;
- очистка мест разлива ГСМ с помощью спецсредств;
- исключить доступ птиц и животных к местам складирования пищевых и производственных отходов;
- инструктаж рабочих и служащих, занятых производством, о недопустимости охоты на животных, бесцельном уничтожении пресмыкающихся и т.д.

Замечания и предложения по проекту Вы можете отправить по адресам:
ТОО «Ак Камыс», тел./факс в г. Алматы: +7 (727) 264 27 19, тел./факс в г. Атырау +7 (7122) 21 58 17; e-mail: ayan@temirali.kz

050010, г. Алматы, ТОО «ЦДЗ и ГИС «Терра», мкр. Кок-Тюбе, ул. Жабаяева 83, тел./факс в г. Алматы: +7 (727) 291 78 87 или по электронному адресу info@gis-terra.kz



Общественные слушания



ПРОЕКТ «СТРОИТЕЛЬСТВО ЗАВОДА ПО ПРОИЗВОДСТВУ ТВЕРДОГО БИОЛОГИЧЕСКОГО ТОПЛИВА В АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

п. Ганюшкино
2012 г.